

Табиғи монополия субъектілерінің мүлкін иеліктен айыруды және өзге мәмілелер жасауды уәкілетті органмен келісу тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 5 мамырдағы N 125-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 27 мамырда тіркелді. Тіркеу N 2324. Күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 4 наурыздағы N 71-НҚ (V053515) бұйрығымен.

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-1 және 18-2-баптарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 қарашадағы N 1713 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі туралы ереженің 4-тармағына, 11-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған Табиғи монополия субъектілерінің мүлкін иеліктен айыруды және онымен өзге мәмілелер жасауды уәкілетті органмен келісу туралы нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Әкімшілік жұмысы департаменті (А.Т.Шабдарбаев) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін:

1) оны заңнамада белгіленген тәртіппен ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін;

2) оны Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің орталық аппараты құрылымдық бөлімшелерінің және оның аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының орынбасары А.К.Әмірінге жүктелсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төрағаның міндетін атқарушы

Қазақстан	Республикасының	Табиғи
монополияларды	реттеу	және
бәсекелестікті	қорғау	жөніндегі
агенттігі	төрағасының	2003 жылғы

5 мамырдағы N 125-НҚ бұйрығымен

бекітілген

Табиғи монополия субъектілерінің мүлкін иеліктен айыруды және онымен өзге мәмілелер жасауды уәкілетті органмен келісу жөніндегі нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

1. Табиғи монополия субъектілерінің мүлкін иеліктен айыруды және онымен уәкілетті органмен келісу жөніндегі Нұсқаулық өзге мәмілелер жасауды нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

2. Осы Нұсқаулықтың мақсаты құжаттар мен ақпараттар тізбесін, табиғи монополия субъектілерінің мүлкін иеліктен айыруды және онымен өзге мәмілелер жасауды (бұдан әрі - Субъект) уәкілетті органмен келісу кезінде оларды ұсыну мен қарау тәртібін анықтау болып табылады.

3. Уәкілетті орган мынадай мәмілелерді:

1) Субъектінің негізгі құралдарына қатысы бар ретінде де, оған қатысы жоқ ретінде де иеліктен айыруды және онымен өзге мәмілелер жасауды;

2) тасымалданатын немесе оларға берілетін тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) Субъект өзінің пайдалануы үшін емес, сатып алуын;

3) Субъектінің акцияларды (үлестерді) сатып алуын, сондай-ақ оған "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен рұқсат етілген қызметті жүзеге асыратын коммерциялық ұйымдарға оның қатысуының өзге нысандарын келісуді жүзеге асырады.

Субъектінің жарғылық капиталындағы дауыс беретін акциялардың (үлестердің) он пайыздан астамын сатып алатын жеке немесе заңды тұлға (немесе тұлғалар тобы) бұл туралы уәкілетті органды алдын-ала хабардар етуге міндетті.

4. Осы Нұсқаулықта қолданылатын ұғымдар мен терминдер:

1) Субъектінің мүлкі - заттар, ақша, оның ішінде шет ел валютасы, бағалы қағаздар, жұмыстар, қызметтер, шығармашылық зияткерлік қызметтің ақиқатты нәтижелері, фирмалық атаулар, тауар белгілері, бұйымдарды дараландырудың өзге құралдары, мүліктік құқықтар мен Субъектінің басқа мүлкі;

2) құзыретті орган - тиісті саладағы Субъектінің қызметін жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік орган; коммуналдық меншіктегі не су шаруашылығы және (немесе) канализациялық жүйелер қызметтерін көрсететін Субъекті үшін - жергілікті атқарушы органдар;

3) Субъектінің біртектес мүлкі - Субъектінің бірдей болып табылмайтын, ұқсас сипаты бар және бірдей құраластардан тұратын, сол бір функцияны орындауға және бірін бірі алмастыруға мүмкіндік беретін мүлкі;

4) Субъектінің мүліктерін иеліктен айыру - меншік құқықтарының өтуі, яғни Субъектінің мүлкін иелену, пайдалану және билік ету құқықтарын басқа тұлғаға б е р у ;

5) Субъектінің негізгі құралдары - бір жылдан астам мерзіммен қызмет ететін м а т е р и а л д ы қ а к т и в т е р ;

6) Субъектінің мүлкімен мәміле жасау - Субъектінің мүлкіне құқықтар мен міндеттер белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеттер;

7) акцияларды (үлестерді) сатып алу жөніндегі мәмілелер - Субъектінің акцияларға (үлестерге) иелену, пайдалану және билік ету құқықтарын сатып алуға бағытталған әрекеттері;

8) уәкілетті орган - табиғи монополия саласындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган (оның аумақтық органдары);

9) өтініш - Субъектінің мәмілелер жасауға келісу туралы жазбаша түрдегі өтініші.

5. Осы Нұсқаулықтың күші Субъектілердің Мемлекеттік тіркеліміне енгізілген Субъектілерге, сондай-ақ Субъектінің жарғылық капиталындағы дауыс беретін акциялардың (үлестердің) он пайыздан астамын сатып алатын жеке немесе заңды тұлғаларға (немесе тұлғалар топтарына) қолданылады.

2. Өтініштерді қараудың рәсімдері, мазмұны және мерзімі

6. Мүлікті иеліктен айыруды және онымен өзге мәмілелер жасауды келісу үшін Субъект осы Нұсқаулықтың 1 және 2-қосымшасына сәйкес нысандарда әзірленген өтінішпен уәкілетті органға жүгінеді.

7. Өтінішпен бірге уәкілетті органға берілген құжаттар (ақпараттар) толық және дұрыс болуға тиіс.

8. Ұсынылған құжаттар түпнұсқада болуға немесе олардың көшірмелері болуға тиіс, соңғы жағдайда өтінішке қол қойған басшы олардың дұрыстығы мен толықтығын жазбаша түрде растауға тиіс.

Ұсынылған барлық материалдарға басшы, ал қаржылық құжаттарға - бас бухгалтер қол қоюға тиіс.

9. Уәкілетті орган, егер:

1) оның қанағаттануы Субъектінің қызметін тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіруге, тұтынушылармен жасалған шарттарды бұзуға алып келуі мүмкін болған;

2) өтініш иесі барлық қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсынбаған;

3) ұсынылған құжаттар мен ақпараттар дұрыс болып табылмаған;

4) оның қанағаттануы:

Субъектінің қызметтеріне тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) а р т т ы р у ғ а ;

қоршаған ортаға теріс әсер етуге;

үздіксіз байланыстағы технологиялық жүйені бұзуға; ұсынылатын қызметтердің (өндірілетін тауарлардың, жұмыстардың) көлемдерін үзуге не едәуір төмендетуге алып келген жағдайларда өтінішті қабылдамауға құқылы.

10. Уәкілетті органның осы өтінішті және қажетті барлық құжаттар мен ақпараттарды немесе Субъект үшін жоғарыда көрсетілген құжаттар мен ақпараттарды алудың мүмкін еместігін түсіндіретін себептер туралы мәліметтерді алған күні өтініш берілген күн деп есептеледі.

11. Уәкілетті орган өтінішті алған күннен бастап отыз күн мерзімде оны қарайды және өтініш иесін қабылданған шешім туралы жазбаша нысанда хабардар етеді.

12. Егер шешім қабылдау үшін қосымша ақпарат қажет болған жағдайда, уәкілетті орган оны Субъектіден сұратуға және мұндай сұрау салу өтінішті алған күннен бастап он бес күннен кешіктірмей өтініш иесіне өтінішті қарау мерзімін ұзарту туралы хабарламамен бірге жіберілген жағдайда, өтінішті қарау мерзімін отыз күнге ұзартуға құқылы.

Уәкілетті органның талабы бойынша құжаттар мен ақпараттарды мерзімінде ұсынбау өтінішті қабылдамау үшін негізі болып табылады.

13. Субъект өтініш берген кезде ұсынылған құжаттар мен ақпараттарға қосымша уәкілетті органға Субъектінің пікірі бойынша шешім қабылдау үшін маңызды болып табылатын кез келген ақпаратты өздігінен жіберуге құқылы.

14. Коммерциялық құпияны құрайтын құжаттар мен ақпараттарды Субъект міндетті түрде "коммерциялық құпия" деген белгімен ұсынады және жеке мұқабамен жіберілуі мүмкін, бірақ сонымен бірге өтініштерді қарауға арналған құжаттар мен ақпараттар пакетіне міндетті түрде енгізілуге тиіс.

15. Құжаттар мен ақпараттардың құрамындағы коммерциялық құпия уәкілетті органға оларды ұсынудан бас тартудың негізі бола алмайды, сонымен бірге Субъект және өзге де мүдделі тараптар уәкілетті органға құжаттар мен ақпараттар ұсынған кезде коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтердің тізбесін айқындайтын, коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтердің толық тізбесін ішкі актінің көшірмесін қоса көрсетуге тиіс.

16. Құжаттардың және (немесе) ақпараттардың Қазақстан Республикасынан тыс аумақта болуы оны уәкілетті органға ұсынудан бас тарту үшін негіз бола алмайды.

17. Өтініште, құжаттар мен ақпараттарда қамтылған және шешім қабылдау үшін маңызы бар фактілердің өзгерісін Субъект уәкілетті органның назарына жазбаша түрде дереу жеткізеді. Мұндай жағдайларда уәкілетті орган өзгерістер туралы құжаттар мен ақпараттарды алған күн өтінішті алған күн деп есептеледі. Уәкілетті органға болған өзгерістер туралы хабарламау монополияға қарсы

заңнаманы бұзғандық болып табылады және заңнамаға сәйкес жауапкершілікке алып келеді.

18. Субъект уәкілетті органға өтінішті Субъектілердің Мемлекеттік тіркелімінде ол орналасқан орын бойынша береді.

19. Субъектінің мүлкін иеліктен айыруды және онымен өзге мәмілелер жасауды келісу мәмілелер жасалғанға дейін жүргізілуге тиіс.

20. Өтінішті қанағаттандырудан бас тартуда Субъект жоғары тұрған уәкілетті органға немесе қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен шағым жасауы мүмкін.

21. Субъектінің уәкілетті органның келісімінсіз жасаған мәмілелері немесе әрекеттері қолданыстағы заңнамаларға сәйкес жарамсыз деп танылады.

3. Субъектінің негізгі құралдарына жататын, Субъектінің мүлкін иеліктен айыруды және онымен өзге мәмілелер жасауды келісу туралы өтініш берудің рәсімі

22. Субъектінің негізгі құралдарына жататын мүлкін иеліктен айыру және онымен өзге мәмілелер жасау:

- 1) Субъектінің бастамасы бойынша;
- 2) "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес уәкілетті органның бастамасы бойынша;
- 2) акцияларының (үлестерінің) бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдарға қатысты мемлекеттік мүлікті басқаруға уәкілетті мемлекеттік органның бастамасы бойынша;
- 3) соттың шешімі бойынша;
- 4) құзыретті органның бастамасы бойынша жүргізіледі.

23. Банкроттық, оңалту, сауықтыру рәсімдері кезінде Субъектінің мүліктерін иеліктен айыру уәкілетті органның қатысуымен жүргізіледі.

24. Негізгі құралдарға жататын мүлікті иеліктен айыруды және онымен өзге мәмілелер жасауды келісу үшін, Субъект осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сай нысан бойынша әзірленген өтініш береді, оған мынадай құжаттар (ақпараттар):

- 1) осы мәмілеге қатысты шарттың жобасы;
- 2) мәміленің мәні болып табылатын мүлікке құқық белгілейтін құжаттар (меншік иесінің шешімі немесе негізгі өндірістік құралдарды меншікке немесе пайдалануға алу туралы шарттың көшірмесі);
- 3) мәміле жасалған жағдайда оның салдарлары туралы құзыретті органның қорытындысы;
- 4) жасалған мәміленің қоршаған ортаға әсері туралы қоршаған ортаны қорғау саласындағы құзыретті органның қорытындысы;
- 5) мүлікті бағалау актісі қоса берілуге тиіс.

25. Егер иеліктен айырылған мүлік не қаржылық жылға арналған құндық көрсеткіште өзге мәмілелер жасауға қатысты жағдайларда, Субъект уәкілетті органның келісімінсіз өзінің негізгі құралдарына қатысты мүлікті иеліктен айырады немесе онымен өзге мәмілелер жасайды:

1) мәмілені келісу 1 млн. теңгеге жүргізілген тоқсанның басындағы жағдай бойынша активтердің баланстық құнын арттырмау жағдайында, активтердің баланстық құнының 5%-нан аспайды;

2) мәмілені келісу 5 млн. теңгеге жүргізілген тоқсанның басындағы жағдай бойынша активтердің баланстық құнын арттырмау жағдайында, активтердің баланстық құнының 4,5%-нан аспайды;

3) мәмілені келісу 10 млн. теңгеге жүргізілген тоқсанның басындағы жағдай бойынша активтердің баланстық құнын арттырмау жағдайында, активтердің баланстық құнының 4%-нан аспайды;

4) мәмілені келісу 50 млн. теңгеге жүргізілген тоқсанның басындағы жағдай бойынша активтердің баланстық құнын арттырмау жағдайында, активтердің баланстық құнының 3,5%-нан аспайды;

5) мәмілені келісу 100 млн. теңгеге жүргізілген тоқсанның басындағы жағдай бойынша активтердің баланстық құнын арттырмау жағдайында, активтердің баланстық құнының 3%-нан аспайды;

6) мәмілені келісу 500 млн. теңгеге жүргізілген тоқсанның басындағы жағдай бойынша активтердің баланстық құнын арттырмау жағдайында, активтердің баланстық құнының 2,5%-нан аспайды;

7) мәмілені келісу 1 млрд. теңгеге жүргізілген тоқсанның басындағы жағдай бойынша активтердің баланстық құнын арттырмау жағдайында, активтердің баланстық құнының 2%-нан аспайды;

8) мәмілені келісу 5 млрд. теңгеге жүргізілген тоқсанның басындағы жағдай бойынша активтердің баланстық құнын арттырмау жағдайында, активтердің баланстық құнының 1,5 %-нан аспайды;

9) мәмілені 10 млрд. теңгеге келісу жүргізілген тоқсанның басындағы жағдай бойынша активтердің баланстық құнын арттырмау жағдайында, активтердің баланстық құнының 1%-нан аспайды;

10) мәмілені келісу 100 млрд. теңгеге жүргізілген тоқсанның басындағы жағдай бойынша активтердің баланстық құнын арттырмау жағдайында, активтердің баланстық құнының 0,5 %-нан аспайды.

Сонымен бірге, Субъект уәкілетті органды жасалған мәміле туралы хабардар етуге (хабарлама беруге), мұндай ақпаратқа (хабарламаға) жасалған шарттың көшірмесін қоса беруге тиіс.

26. Субъектінің негізгі құралдарына жататын біртектес мүлікті қаржылық жыл ішінде оларды иеліктен айыруды немесе онымен өзге мәмілелер жасауды жүзеге

асыру мақсатында, олардың ең болмаса біреуінің мөлшері осы Нұсқаулықтың 25-тармағында белгіленгеннен кем бөлігінде бөлшектеуге жол берілмейді.

4. Субъектілерге тасымалданатын немесе берілетін тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өзінің тұтынуы үшін емес оның сатып алуын келісу туралы өтініш берудің рәсімі

27. Субъектілерге тасымалданатын немесе берілетін тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өзінің тұтынуы үшін емес оның сатып алуы жөніндегі мәмілелерге келісу үшін Субъект өтініш береді, оған мынадай құжаттар (ақпараттар):

- 1) осы мәмілеге қатысты шарттың жобасы;
- 2) мәміленің мәні болып табылатын, Субъект тасымалдайтын немесе беретін тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алу қажеттігінің негіздемесі;
- 3) мәміле жасалған жағдайда оның салдарлары туралы құзыретті органның қ о р ы т ы н д ы с ы ;
- 4) жасалған мәміленің қоршаған ортаға әсері туралы құзыретті органның қ о р ы т ы н д ы с ы ;
- 5) мәміленің мәні болып табылатын, Субъект тасымалдайтын немесе беретін тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бағасының негіздемесі қоса берілуге тиіс.

5. Субъектінің акцияларды (үлестерді) сатып алу жөнінде мәмілелер жасауды, сондай-ақ "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен оған рұқсат етілген қызметті жүзеге асыратын коммерциялық ұйымдарға оның қатысуының өзге нысандарын келісу туралы өтініш берудің рәсімі

28. Субъектінің акцияларды (үлестерді) сатып алуы жөнінде мәмілелер жасауды, сондай-ақ "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен оған рұқсат етілген қызметті жүзеге асыратын коммерциялық ұйымдарға оның қатысуының өзге нысандарын келісу үшін Субъект осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес өтініш береді.

29. Дауыс құқығы бар акцияларды (үлестерді) сатып алу бойынша (өтініш б е р г е н к е з д е) :

- 1) заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы дауыс құқығы бар акциялардың (үлестердің) жалпы санының проценттік үлесін;
- 2) акциясы (үлесі) сатып алынатын заңды тұлғаның жарғылық капиталының п р о ц е н т т і к ү л е с і н ;
- 3) сатып алынатын акцияның (үлестің) дауыс құқығы бар, (ақпарат сатып алынатын акциялардың әрбір үлгісі бойынша жеке беріледі) дауысқа қойылатын м ә с е л е л е р д і ң т і з б е с і н ;
- 4) директорлар кеңес (байқаушы кеңес) мүшелерінің, Субъект сайлай алатын, оларды сатып алғаннан кейін акцияларда (үлестерде, пайларда) іске асырылатын

дауыстарды иелене отырып, осы органдардың сандық құрамына проценттік арасалмақтағы заңды тұлғаның атқарушы органының санын көрсетуі қажет.

30. Егер Субъект дауыс құқығы жоқ акцияны (үлесті) бір мезгілде сатып алса:

1) заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы дауыс құқығы жоқ акциялардың (үлестердің) жалпы санының проценттік үлесін және акциясы (үлесі) сатып алынатын заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы проценттік үлесін;

2) акциясы (үлесі) сатып алынатын заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы дауыс құқығы жоқ сатып алынатын барлық акциялардың (үлестердің) құнын;

3) дауыс беретін акцияда (үлесте) дауыс құқығы жоқ акциялардың (үлестердің) айырбастау мүмкіндігін көрсету қажет.

31. "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен Субъектіге рұқсат етілген қызметті жүзеге асыратын, коммерциялық ұйымдарға оның қатысуының өзге нысандары бойынша:

1) "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен Субъектіге рұқсат етілген қызметті жүзеге асыратын (Субъект қатысатын) коммерциялық ұйымның басқару органының атауын;

2) "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен Субъектіге рұқсат етілген қызметті жүзеге асыратын (Субъект қатысатын) коммерциялық ұйымның басқару органында Субъект орындайтын функциясын;

3) "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен Субъектіге рұқсат етілген қызметті жүзеге асыратын (Субъект қатысатын) коммерциялық ұйымның басқару органы қабылдаған шешімді айқындауға мүмкіндік беретін мәселелер жөніндегі Субъектінің өкілеттігін (құзыретін) көрсету қажет.

6. Қорытынды ережелер

32. Субъектілердің мүлкін иеліктен айыру және онымен өзге мәмілелер жасау туралы уәкілетті органның келісімін алған тұлға оған жоғары тұрған уәкілетті органға немесе Қазақстан Республикасының сот органдарына шағым жасауға құқылы.

Табиғи монополия субъектілерінің
мүлкін иеліктен айыруды және
онымен өзге мәмілелер жасауды
уәкілетті органмен келісу жөніндегі
нұсқаулыққа 1-қосымша

(мәміленің мәні)

----- келісу туралы

ӨТІНІШ

1. Негіздеме _____

(экономикалық мақсатқа сай есептеуді көрсете отырып, мәміле жасаудың себептері, мақсаттары мен міндеттері)

2. Мәміленің мәні болып табылатын мүлік туралы ақпарат, оның ішінде Субъектінің барлық мүліктерінің баланстық құнының барлығын, пайызда меншікке, пайдалануға және/немесе иеленуге берілген мүліктерінің баланстық және қалдық құны _____

3. Субъектінің меншікке, пайдалануға және/немесе иеленуге берілген мүліктерінің құрамы мен мақсаты _____

4. Мәміле жасаудың Субъектінің қызметтеріне тарифті (бағаны, алым ставкасын) көтеруге алып келмейтінін және оның қаржы-шаруашылық қызметін нашарлатуға алып келмейтінін растайтын есеп _____

5. Иеліктен айырылған немесе шаруашылықты берер алдындағы келер жыл үшін пайдалануға және/немесе иеленуге берілген мүліктерді ұстау және пайдалануға беру жөніндегі шығындар _____

6. Қ о с ы м ш а :

(өтінішке қоса берілген құжаттар (ақпараттар))

Табиғи монополия субъектілерінің мүлкін иеліктен айыруды және онымен өзге мәмілелер жасауды уәкілетті органмен келісу жөніндегі нұсқаулыққа 2-қосымша

Субъектінің акцияларды (үлестерді) сатып алуы жөнінде мәмілелер жасауды, сондай-ақ "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен оған рұқсат етілген қызметті жүзеге асыратын коммерциялық ұйымдарға оның қатысуының өзге нысандарын келісу туралы

ӨТІНІШ

1. Негіздеме _____

(экономикалық мақсатқа сай есептеуді көрсете отырып, мәміле жасаудың себептері, мақсаттары мен міндеттері)

2. Акциялар (үлестер), сондай-ақ "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен Субъектіге рұқсат етілген қызметті жүзеге асыратын коммерциялық ұйымдарға оның қатысуының өзге нысандары туралы ақпарат _____

3. Мәміле жасаудың Субъектінің қызметтеріне тарифті (бағаны, алым ставкасын) көтеруге алып келмейтінін және оның қаржы-шаруашылық қызметін нашарлатуға алып келмейтінін растайтын есеп _____

4. Жасалған мәміле жөніндегі шығындар _____

5 . Қ о с ы м ш а :

(өтінішке қоса берілген құжаттар (ақпараттар))

Ескерту: Субъектіге тасымалданатын немесе берілетін (осы Нұсқаулықтың 27-тармағы) тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өзінің тұтынуы үшін емес сатып алуы жөніндегі мәмілелерді келісу үшін ол осы өтініштің 2-тармағын көрсетпей-ақ өтініш береді.